



Тарбаев Міржан

1911 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы №3 ауылда дүниеге келген. Аудан орталығында оқып, бастауыш білім алған. 1934 жылы совпарт мектепте оқыған. 1941 жылдың тамыз айында әскер қатарына шақырылған. курс доғасындағы ұрыста 523- атқыштар полкі құрамында пулеметшілер взводын басқарған. Поньри маңындағы ұрыста ауыр жараланып, госпитальде ұзақ емделіп, 1945 жылы елге оралған. Елге келген соң колхозда ферма меңгерушісі болған. Жауынгерлік ерлігі үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және Кеңес Одағының Маршалы Г.К. Жуковтың медалімен және мерекелік медалімен марапатталған. 1982 жылы шілде айында

қайтыс болған.

